ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ

ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ

XLII сессияның

ШЕШІМІ

2026 ж 26 маусам № 42/313

Приозерск қаласы

РЕШЕНИЕ

_____ сессии

город Приозерск

2025 жылғы қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, «Приозерск қаласы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Шәмшатовтың «2025 жылғы қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы» есебін, Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Г.Төленованың «Приозерск қаласы бюджетінің 2025 жылғы атқарылуы туралы есебін тыңдап, талқылап Приозерск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Приозерск қаласы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Шәмшатовтың «2025 жылғы қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы» есебі, Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Г.Төленованың «Приозерск қаласы бюджетінің 2025 жылғы атқарылуы туралы» есептері назарға алынсын.

2. Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысы негізінде басты міндеттерді орындау барысында А.Шәмшатовқа:

1) Қала бюджетінің салық салу базасын кеңейту және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары шеңберінде мемлекеттік кірістер органдарымен өзара іс-қимылды жалғастыруды;

2) Дебиторлық берешегі қалыптасқан мердігер ұйымдар бойынша сот шешімдерінің орындалуын тұрақты бақылауға алып, өндіріп алу жұмыстарын жеделдету және тоқсан сайын нәтижелерін әкімдік жанындағы комиссияда қарауды;

3) Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде аванстық төлемдерді беру тәуекелдерін төмендету мақсатында мердігерлердің қаржылық тұрақтылығын алдын ала бағалау және шарттық міндеттемелердің орындалуына мониторингті күшейтуді;

4) Жыл соңында кредиторлық берешектің қалыптасуына жол бермеу үшін құрылыс және инфрақұрылымдық жобалар бойынша орындалған жұмыстар мен қаржыландыру көлемдерінің сәйкестігін тұрақты бақылауда ұстауды;

5) Бюджет қаражатының игерілмеген қалдықтарын азайту мақсатында

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жоспарлау сапасын арттырып, тоқсан сайын игеру қарқынына талдау жүргізуді;•

6) Бюджеттік бағдарламалар бойынша нәтижелілік көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде олардың сапалық және әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалау тетіктерін жетілдіру, қол жеткізілген нәтижелердің нақты тиімділігіне талдау жүргізуді;

7) Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін уақтылы өткізу және жобаларды іске асыру мерзімдерінің бұзылуын болдырмау үшін жауапты бөлімдердің бақылау функцияларын күшейтуді ұсынамын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына (Б. Сатыбалдин) жүктелсін.

Қалалық мәслихат төрағасы **А.Исатаев**

ПРИОЗЕРСК
ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫ

ПРИОЗЕРСКИЙ
ГОРОДСКОЙ
МАСЛИХАТ

XLII сессияның
ШЕШІМІ
2026ж 26 маусым № 42/314

Приозерск қаласы

РЕШЕНИЕ
_____ сессии

город Приозерск

Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы — Б.Абайдың есебін тыңдап, талқылап қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы - Б.Абайдың «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы» есебі назарға алынсын.

2. Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысы негізінде басты міндеттерді орындау барысында Б.Абайға:

1) Мәдениет саласындағы іс-шаралардың мазмұнын жаңғыртып, жастардың қызығушылығын арттыратын жаңа форматтағы жобаларды көбейтуді;

2) Мемлекеттік тілді оқыту және насихаттау бағытындағы цифрлық ресурстар мен онлайн платформаларды кеңінен пайдалануды;

3) Бұқаралық спортпен шұғылданушылардың санын арттыру мақсатында тұрғындар арасында тұрақты спорттық акциялар мен жарыстар ұйымдастыруды;

4) Балалар мен жастар спортын дамытуға, спорт секцияларының қолжетімділігін арттыруға ерекше назар аударуды;

5) Қазақ тілі мен ағылшын тілін оқыту курстарының өтуіне қатаң түрде мән беріліп, бақылауда ұстауды

6) Ұлттық спортты қолға алуды жоспарға енгізіп, оны жастар арасында дамытуға жағдай жасауды;

7) Бөлім қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында көрсеткіштердің орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу және нәтижеге бағытталған жобаларды енгізуді ұсынамын.

000267

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

Қалалық мәслихат төрағасы **А.Исатаев**

ПРИОЗЕРСК
ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫ

ПРИОЗЕРСКИЙ
ГОРОДСКОЙ
МАСЛИХАТ

XLII сессияның
ШЕШІМІ
2026ж 26 маусым № 42/315

Приозерск қаласы

РЕШЕНИЕ
_____ сессии

город Приозерск

Приозерск қаласында жастар саясаты бойынша атқарылып жатқан жұмысының есебі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес «Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Г.Шарбекованың есебін тыңдап, талқылап қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Г.Шарбекованың «Приозерск қаласында жастар саясаты бойынша атқарылып жатқан жұмысының » есебі назарға алынсын.

2. Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысы негізінде басты міндеттерді орындау барысында Г.Шарбековаға, Ә.Бердімұратовқа:

1) Жастардың өзекті мәселелерін анықтау мақсатында тұрақты түрде әлеуметтік зерттеулер мен сауалнамалар жүргізуді;

2) Жастарды жұмыспен қамту және кәсіпкерлікке тарту бағытындағы жобаларды кеңейтуді;

3) Қала әкімі грантын ұтып алған грант иегерлерінің жоспарға сай жұмыс жүргізілуін қатаң бақылауда ұстауды;

4) Волонтерлік қызметті дамыту және жастардың қоғамдық бастамаларын қолдау бойынша жұмыстарды күшейтуді;

5) NEET санатындағы жастармен мақсатты жұмыстар жүргізіп, олардың білім алуына және еңбек нарығына тартылуына ықпал етуді;

6) Жастар арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың және басқа да жағымсыз құбылыстардың алдын алу бойынша профилактикалық шараларды жалғастыруды;

7) Дарынды және белсенді жастарды қолдау тетіктерін жетілдіріп, олардың өңірлік және республикалық деңгейдегі жобаларға қатысуын ынталандыруды;

8) Жастар саясаты саласындағы ақпараттық жұмыстарды күшейтіп, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды;

000268

9) Білім беру ұйымдары, мемлекеттік мекемелер және қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара ынтымақтастықты арттыруды ұсынамын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

Қалалық мәслихат төрағасы **А.Исатаев**

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ

ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ

XLII сессияның

ШЕШІМІ

2026ж 26 маусым № 42/317

Приозерск қаласы

РЕШЕНИЕ

_____ сессии

город Приозерск

Қаланы абаттандыру және көгалдандыру бойынша атқарылып жатқан жұмысы туралы есебі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қасқатаев Айдын Қайратұлының есебін тыңдап, талқылап қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы А. Қасқатаев тың «Қаланы абаттандыру және көгалдандыру бойынша атқарылып жатқан жұмысы туралы» есебі назарға алынсын.

2. Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысы негізінде міндеттерді орындау барысында А. Қасқатаевқа:

1) Қаланы санитарлық тазалау және абаттандыру жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстауды;

2) Жасыл желектерді күтіп-ұстау, сақтау және көбейту жұмыстарын жалғастыруды;

3) Абаттандыру жобаларын белгіленген мерзімде сапалы аяқтауды;

4) Көше жарығы мен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыруды;

5) Көпқабатты тұрғын үйлердің жертөлелерінде және қала аумағында дератизация және дезинсекция жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуді;

6) Қоғамдық демалыс орындарын, балалар ойын алаңдарын және жағажай аумақтарын күтіп-ұстау мен олардың сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарын күшейтуді;

7) Қаланы абаттандыру және санитарлық тазалықты сақтау бағытында тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді және экологиялық мәдениетті арттыру жөніндегі іс-шараларды жалғастыруды

8) Кәсіпкерлік бөлімі мен Жер қатынастары бөлімімен бірлесіп, кәсіпкерлік субъектілерінің өздеріне тиесілі ғимараттар мен нысандардың іргелес аумақтарын таза ұстауын, санитарлық жағдайын сақтауды және

000270

олардың сыртқы келбетін жақсарту жөніндегі жұмыстарды бірлесіп ұйымдастыруды қамтамасыз етуді ұсынамын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (Т.Қарабалаев) жүктелсін.

Қалалық мәслихат төрағасы **А.Исатаев**

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ

ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ

...XLII... сессияның

ШЕШІМІ

2026 ж 26 маусым № 42/318

Приозерск қаласы

РЕШЕНИЕ

_____ сессии

город Приозерск

Приозерск қаласы әкімдігінің құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қаласы мәслихатының 2024 жылғы 20 наурыздағы № 15/123 «Приозерск қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Приозерск қаласы әкімдігінің құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

Қалалық мәслихат төрағасы **А. Исатаев**

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ ММ БСН 990540002434

000262

ПРИОЗЕРСК
ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫ

ПРИОЗЕРСКИЙ
ГОРОДСКОЙ
МАСЛИХАТ

XVII сессияның
ШЕШІМІ
2026 ж 26 маусым № 42/319

Приозерск қаласы

РЕШЕНИЕ
_____ сессии

город Приозерск

Жер комиссиясының құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы № 17/135 «Жер комиссиясының құрамын бекіту туралы» шешімінің күші жойылсын.

2. Жер комиссиясының құрамын қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (Т.Қарабалаев) жүктелсін.

4. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Қалалық мәслихат төрағасы **А.Исатаев**

000264

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ

ПРИОЗЕРСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ

XLII сессияның

ШЕШІМІ

2026 жыл 26 маусым № 42/320

Приозерск қаласы

РЕШЕНИЕ

_____ сессии

город Приозерск

Приозерск қалалық мәслихатының 2025 жылғы 28 ақпандағы № 25/201 «Приозерск қаласының Құрметті азаматы» атағын беру бойынша комиссия құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2025 жылғы 28 ақпандағы № 25/201 «Приозерск қаласының Құрметті азаматы» атағын беру бойынша комиссия құрамын бекіту туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Комиссия құрамынан Марс Абуұлы Сулейменов, Сайлау Смағұлұлы Қарабеков, Мадина Серікпайқызы Джартыбаева шығарылсын.

2) Комиссия құрамына:

Жанат Жалғасбекқызы Абулова - «Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының міндеттерін атқарушысы, комиссия мүшесі, Ерлік Сәлімұлы Омаров-«Балқаш» емдеу-сауықтыру кешені жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің спорттық ойын-сауық қызметінің аға нұсқаушысы, комиссия мүшесі (келісім бойынша), Алтынай Төребекқызы Рахимбаева - «ӘDILET» партиясының Приозерск қалалық филиалының төрағасы, комиссия мүшесі (келісім бойынша) енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Акимова) жүктелсін.

Қалалық мәслихат төрағасы **А. Исатаев**

000265